



Партнерство во благо устойчивого развития

КазНУ им. аль-Фараби станет хабом Центрально-Азиатского региона по проблемам устойчивого развития, решение которых является одним из главных задач ЮНЕСКО. Миссия университета заключается в пропаганде и продвижении принципов устойчивого развития и мобилизации международных академических кругов для их реализации. Приоритетным направлением является разработка инновационных подходов решения глобальных вызовов современности и создание действующего механизма подготовки и переподготовки кадров, необходимых для их преодоления.



Договоренность об этом была достигнута во время встречи ректора КазНУ академика Галыма Мутанова и заместителя генерального директора ЮНЕСКО по вопросам образования Цянь Тана.

«Это мой первый приезд в Казахстан, я рад тому, что он начался с посещения

КазНУ. Благодарю за теплый прием, знакомство с университетом для меня представляет огромный интерес. Его история, представленная в экспозициях музея, который я посетил, впечатлила меня. Еще большее впечатление производят достижения вуза и его успешное продвижение в

международных рейтингах. Мы намерены активно сотрудничать с КазНУ по многим научным направлениям и осуществлять совместные проекты», - сказал на встрече Цянь Тан.

Представитель международной организации по вопросам образования, науки и культуры отметил, что проведение

в 2014 году в Казахстане III Азиатского форума ректоров университетов, который состоится в КазНУ, еще раз подтверждает его лидирующие позиции в Азиатско-Тихоокеанском регионе.

Г. Мутанов рассказал гостю о ходе трансформации КазНУ в исследовательский вуз мирового уровня, научно-образовательной и инновационной деятельности, работе кафедры ЮНЕСКО, международном сотрудничестве и проектах в сфере IT технологий.

Стороны обсудили перспективы сотрудничества в реализации международного проекта инициированного КазНУ «Зеленый мост: через поколения», который осуществляется в поддержку идей Президента РК Н.А. Назарбаева «Глобальная стратегия устойчивого энергоэкологического развития в XXI веке» и «Зеленый мост». Была достигнута договоренность о создании хаба Центрально-Азиатского региона по проблемам устойчивого развития с центром в КазНУ им. аль-Фараби. Важную роль в объединении потенциала ведущих научных школ, специализирующихся по данной проблематике, должен играть и Международный консорциум университетов, созданный по инициативе КазНУ.

Ел қорғаған ерлерге ашық аспан үшін алғыс!

Мігі шара «28 панфиловшілер» паркінде «Мәңгілік алауға» гүл қою рәсімімен басталды. ҚазҰУ студенттері 200 күн мен түнге созылған Сталинград шайқасындағы көп ұлтты кеңес халқының ерлігін құрметпен еске алып, олардың жан аямас батырлығы алдында бас иді. Жастар Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ерлігін біледі және өз ата-бабаларының ержүректілігін мақтан етеді. Осы орайда, біз, физика-техникалық факультетінің студенттері Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, ҚазҰУ ардагерлеріне алғыс пен құрмет көрсету мақсатында ардагерлердің үйіне бардық.

Алдымен факультетімізге еңбегі сіңген оқытушы, ардагер Иванов Михаил Селиверстовичпен жүздестік. Ардагер ұс-

1943 жылдың 25 қаңтары – еліміз үшін аса маңызды тарихи күн. Осы күні Сталинград түбінде Кеңес әскері – гитлерлік Германияның 330 мың әскери тобын талқандап, әскери-саяси жағдайды анти-фашистік коалицияның пайдасына шешті. Ұлы Отан соғысының бағытын түпкілікті өзгерткен бұл жеңіс тарихтағы үлкен оқиға болды. Ел өміріндегі айтулы оқиға – Сталинград шайқасына 70 жыл толуына байланысты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері «Бейбіт өмір үшін алғыс білдіреміз!» атты акция ұйымдастырды.

таз жұбайымен бірге бізді қуана қабылдап, жылы қарсы алды. Кездесу барысында ардагер 16 жасында қанқұйлы майданға аттанғандығы, сұрапыл соғыс жылдары туралы айтып, Ұлы Жеңістің естен кетпес шексіз қуанышы, отбасымен табысқан сәттіжайлы сыр шертті. Көңіл қуантарлығы, ардагер жасы 88-ге келсе де, өзін сергек ұстайды. Тіптен гитарада ойнап, бізбен бірге әнде шырқады. Қоштасарда көзінен қимастықты байқадық. Әрдайым бізге

есігінің ашық екендігін айтты. Ақсақалға шын жүректен алғыс білдіріп, біз де қимай қоштастық. Себебі ардагердің әңгімесі өмір шындығы, адамдардың шынайы сезімі еді.

Университетіміздің география және табиғатты пайдалану факультетінде еңбек еткен, 100 жасаған ардагері Тихомиров Аркадий Сергеевич те бізді ыстық ықыласпен қарсы алды. Аркадий Сергеевич бізді көргенде қуаныштан көзіне жас та алды.

Біз үшін бұл кездесулердің тәрбиелік маңызы орасан зор болды. Көңілге көп ой түйдік. Ұлы Отан соғысы тарихын мектеп қабырғасында оқулықтардан, жалпы кітаптар, көркем фильмдер арқылы оқып білгенімізбен, ауыр соғысты өз көздерімен көрген жандармен жүздесіп, оқиғаларын тыңдау барысында жеңістің ащы дәмі мен қаншалықты маңызды екенін ұғына, сезіне түстік.

Біз еліміздің жарқын болашағы үшін қан төккен азаматтарға бейбіт өмір үшін алғыс білдіреміз!

Айдана ЗИНЕШ,
Перизат ӨСКЕМБАЕВА,
физика-техникалық
факультетінің
3-курс студенттері

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

**ЖАҢА БАҒЫТТА
ЖАҢАША
КӨЗҚАРАС**



2-бет

**НА РОДНОМ
ФАКУЛЬТЕТЕ**



4-бет

**СТУДЕНТ КАЗНУ –
СЕРЕБРЯНЫЙ ПРИЗЕР
КУБКА МИРА**



8-бет

Жаңа бағытқа жаңаша көзқарас

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде KIUCSEE, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға арналған Қазақ-Үнді-Америка жобасы аясында «Жасанды интеллект және робот жүйесіндегі өзекті мәселелер» атты II халықаралық оқу семинары өтті.



Семинарды ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры, профессор У. Әбдібеков құттықтау сөзімен ашып, ұйымдастырылып отырған семинар жаңадан еңбек жолын бастап келе жатқан жас магистранттар мен докторанттарға өз біліктіліктерін арттыруға, білімдерін тереңдету жетілдіруге ықпал ететінін, ғылыми ізденісте жол ашып, қандай бағытта жұмыс істеу керектігіне бағыт-бағдар беретінін айтты.

Механика-математика, физика-техника ғылымының қанатын кеңге жайып, алға ілгерілеп келе жатқаны рас. Осы орайда механика-математика факультетінің деканы Д. Ахмед-Заки: «ҚазҰУ базасында жоғары деңгейде маман даярлауда ректор басшылығымен ауқымды бағдарлама жасалған болатын.

Соның бір тармағы осы семинар арқылы біліктілікті арттыру болып табылады», – деді өз сөзінде.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын іске асыру мақсатында өткізіліп отырған семинарға арнайы келген Арканзас университетінің PhD докторы, Асхиот корпорациясының мәліметтерді интеллектуалды талдау, машиналық тәсілде оқыту және мәліметтерді басқару жөніндегі кеңесшісі, профессор Сяовей Сюй: «Бұл ғылым енді ғана дамып, жаңадан қалыптасып келеді. Олай болса, жоба арқасында екі жақты байланыс артып, кеңінен тәжірибе алмасу болғаны қуантады. Сонымен қатар ҚазҰУ

студенттері ағылшын тілін жетік меңгерген екен. Мұнда өте білімді жастар барына сенімдімін. Тағы атап өтейін, қазақ халқының қонақжайлылығына тәнтімін», – деп пікір білдірді.

Ал екінші модуль бойынша семинарды Бриджпорт университетінің құрметті профессоры, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми зерттеулер жөніндегі вице-президенті, Инженерлік және компьютерлік ғылымдар факультетінің деканы, Пән аралық интеллектуалды алдын-ала байқау және басқару робототехникасы зертханасының негізін қалаушысы және

директоры, PhD докторы М. Т. Собх жүргізді. Ол робототехника, жасанды интеллект саласындағы қызу пікір алмасудың оң нәтиже беретіндігіне сенім білдірді.

Семинар барысында ҚазҰУ ректоры Ф. Мұтановпен PhD докторы М. Т. Собх пен профессор Сяовей Сюй кездесіп өз университеттеріне, зертханаларын, қонаққа шақырды.

ҚазҰУ оқытушылары мен профессорлары, студенттері семинардың ашылу салтанатынан соң, секциялық жұмыстарға қатысып, өз ойларын ортаға салды, лекция оқып, өз білімімен бөлісуге келген қонақтармен емін-еркін әңгімелесе отырып, сұрақтарына жауап ала алды.



Сондай-ақ белсенділік танытқандарға сертификат тапсырылды. Тындаушылар тарапынан керек ақпараттарға толы дәл осындай семинар-тренингтер алдағы уақытта да жиі өткізілсе деген пікірлер айтылды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Бүгінгі таңда университетімізде ректорымыз академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен іске асырылып жатқан жаңаша бастама – оқытушы-профессорлардың қызметін рейтингтік жүйе бойынша бақылау. Осындай игі әрекет өз нәтижелерін де көрсете бастады. Қазіргі кезде әрбір оқытушы өзіне «мен бүгін не бітірдім, менің жетістіктерім қандай?» деген сұрақ қойып, өз шеберлігін шыңдай түсуде.

ӘРІПТЕСТЕР ЖЕТІСТІГІ

Осы орайда, жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының ұстаздары бірқатар жетістіктерге ие болды. Студенттерге шынайы білім беру мақсатында жазылған оқу құралдары, жүргізген тәрбие жұмыстары, студенттерді ғылыммен шұғылданауға талпындырған және басқа да жетістіктері үшін кафедрадағы ірі тұлғалардың бірі – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Ажар Қоспанқызы Баешова «ЖОО-ның Үздік оқытушысы» атағына ие болды. Сонымен қатар Ажар Қоспанқызының кафедра доценттері, химия ғылымдарының кандидаттары Л.М. Түгелбаева және Р.К. Ашкеевамен біріге дайындаған «Қоршаған орта химиясы» атты электронды оқу құралы факультетаралық байқауда үшінші орынды иеленіп, жоғары бағаланды.

Ендеше, осы тұста болашақ химиктердің, химик-технологтардың және химик-мұғалімдердің құзыреттілігін арттыруда «Қоршаған орта химиясы» пәнінің алатын орнына тоқталғым келеді. Көптеген жағдайда биосферадағы табиғи химиялық процестермен қатар антропогенді химиялық процестер жүреді. Сондықтан жер бетіндегі тіршілік үдерісінің түрі де, механизмі де көп өзгеріске ұшырауы мүмкін. Сол себептен әсерді тез арада бақылауға алып, оны басқарып отырмаса, биосферадағы химиялық процестердің жүрісі де күрделі түрде бұзылуы мүмкін. Осыған орай биосфераның химиялық құрастырушысына өте көп көңіл бөлу қажет. Антропогендік химиялық әсерді зерттеу, түсіну үшін, ең алдымен, табиғи химиялық процестерді жете білу қажет. Қоршаған орта химиясы – экожүйенің

химиялық ортасын, демек, кез келген объектіні немесе субъектіні қоршаған ортаның химиялық құрамын және процестерді, сонымен қатар олардың нәтижелерін қарастыратын химия ғылымының бір бөлігі. Қоршаған орта химиясы пәнінде биосфера бөліктері – атмосфера, гидросфера, литосфера химиясы қарастырылады. Қорыта айтқанда, осы пәнді игеру нәтижесінде студенттер жан-жақты білім алады, олардың ой өрісі кеңиді және құзыреттілігі арта түседі. Ал осындай нәтижелерге жетуде оқытушылардың заман талабына сай дайындаған оқу құралдарының рөлі ерекше екені анық.

О.Я. СУЛЕЙМЕНОВА,
жалпы және
бейорганикалық химия
кафедрасының профессоры

Признание «ТАЛЛОРЕС»

КазНУ им. аль-Фараби принят в Международную ассоциацию институтов высшего образования «Таллорес», которая является Международной ассоциацией институтов высшего образования при университете «Тафтс» (США).

В ее состав входят 247 университетов из более 60 стран мира, с общим числом студентов, превышающим 6 млн. человек. Целью деятельности организации является расширение и установление более высоких стандартов образовательных программ университетов, расширение контактов между институтами высшего образования. На сайте ассоциации (www.tal-loiresnetwork.tufts.edu) создана страничка КазНУ им. аль-Фараби.

«Университет провел большую работу, чтобы войти в эту организацию. Вступление в ассоциацию способствует повышению имиджа Казахстана и укреплению позиций КазНУ в мировом научно-образовательном пространстве, расширяет международные связи и академический обмен студентов и преподавателей, дает им возможность участвовать в различных исследовательских проектах и программах», – считает декан факультета международных отношений Каримжан Шакиров.

В ассоциацию входят лучшие университеты США: университет Джорджтауна, Джорджа Вашингтона, Дьюк, Нью-Йорка, Тафтс, Американский, Мичиганский, Сиракузский и др.

Факультет международных отношений

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы – мазмұны мен саяси-философиялық түсіндірмесі өте терең, бағдары айқын құжат. Жолдау жаңа саяси бағыттарды анықтап, жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы Қазақстанның жаңа келбетін жасады. Қуатты да табысты мемлекеттің қай жағынан алғанда да өресі биік, мәртебесі үстем болатындығын айғақтады.

Жарқын бағдар

Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында Қазақстандағы дінге кеңінен тоқталды. Еліміздің Конституциясы мемлекетіміздегі адамдардың сенім бостандығына кепілдік беретініне, алайда шексіз еркіндік деген болмайтыны, шексіз еркіндік мемлекеттің ішіндегі хаосты білдіретіндігін баса айтып, барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс екендігіне баса назар аударды.

Елімізде әркімнің таңдау құқығы бар. Таңдауға өте үлкен жауапкершілік таңдау керек. Себебі адамның өмірлік бағыты мен бақыты көп жағдайда бүкіл өмірі дінді таңдауға байланысты болатындығын ұмытпағанымыз абзал. Дінді ұстануда шет мемлекеттерден келіп жатқан түрлі елдердің салт-дәстүрлері мен олардың әдет-ғұрыптарын ұстану – біз үшін жат нәрсе. Қазақ халқы ата-бабаларымыздың діні мен салт-дәстүрлеріне кеңінен көңіл бөлуіміз керектігі де айтылды.

Қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейту, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін ар-

тықшылықтарды пайдалану, сонымен бірге әңгімелесу барысында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасау сияқты мемлекеттік маңызы бар міндеттер алдымызда тұр. Ол міндеттерді шешу, орындау – бәріміздің азаматтық борышымыз. Бұл міндеттердің Діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылатыны Жолдаудан анық көрінді.

Діни жағдайдың тұрақты сақталуына дінтанулық білімнің әсері мол екеніне қоғамның бүгінде көзі жетті. Сондықтан Қазақстандағы дінтанулық бағытты жетілдіру, дінтану пәнінен мектептердегі сабақ берудің сапасын көтеру, еліміздің университеттерінде дінтану пәнін енгізуді қолға алу бүгінгі күннің қажеттілігі болып табылады. Діни тұрақтылық – жарқын болашақтың басты негіздерінің бірі.

Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА,
философия ғылымдарының докторы,
ҚазҰУ профессоры
Жәнібек ДАРХАНБАЕВ,
дінтану бөлімінің 2-курс магистранты

ЕЛБАСЫ СЕНІМІН АҚТАУЫМЫЗ!

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің, жылуфизика және техникалық физика кафедрасында «Стандартау, сертификаттау және метрология» мамандығының студенттерімен болған куратор-эдвайзерлік сабақта Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы қызу талқыланды.

Жолдаудағы «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары», «Білім беру саласындағы жұмыстың басымдықтары» және «Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты туралы» бөлімдер студенттердің қызығушылығын арттырғаны байқалды. Топ студенттері Назерке Жұмалиева, Құралбек Алдоңғаров, Жансая Жұмабекова өз ойларын ортаға салып, Елбасының жастарға сенім артқанын баса айтты. Шынында, Елбасымыз жастарға арнап: «Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан

да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді», – деген еді. Сондай-ақ, Елбасы Жолдауында бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керектігі айтылған. Мемлекет басшысы 2050 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабілетті 30 елдің қатарына кіруі туралы тапсырма жүктеп отыр. Осы орайда «Президент Жолдауы – еліміздің дамуындағы негізгі стратегиялық құжат. Біз, жастар Жолдаудағы идеялардың іске асырылуына барлық күш-жігерімізді салып, көшбасшымыздың үлкен сенімін, ақтауымыз қажет», – деп түйіндеді студенттер.

Қ.А.ЕСЕНАЛИНА,
куратор-эдвайзер

ҒЫЛЫМНЫҢ ТЫНЫСЫН АШҚАН «БОЛАШАҚ»

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев қазақ елінің болашақ дамуының басты тетігінің бірі – ғылым мен білім, инновация екенін назарға алып, қазақстандық жастарды білім мен ғылымның шыңына шыққан елдерге оқу-білім жинауға жіберу үшін «Болашақ» бағдарламасын ұйымдастырғаны белгілі. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін, шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген.

Биылғы оқу жылында осындай мүмкіндік біздің де есімізді қаққанына және университет басшылығының бағыттаушы ұйым ретінде қолдауы мен үлкен сенім білдіргеніне ризашылық білдіреміз.

Біз филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ә. Авакова екеуіміз АҚШ-та Мадисон университетінің түркітану бөлімінде классикалық филология мамандығы бойынша бір жылдық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алдық. Негізгі мақсат – ХХІ ғасырдағы түркітану ғылымының (қазақ тіл білімінің де) әлемдік ғылым мен мәдениеттегі орнын көрсету; АҚШ-тағы түркітану орталықтарының ғылыми бағыттарымен, ғылыми зерттеулерімен танысу; түркітанудың басты ғылыми даму парадигмаларын белгілеу; көне түбірлердің даму семантизациясын анықтау үшін ғылыми кешенді салыстырулар, салғастырулар жасау.

АҚШ-тағы тұрғылықты халықтар тілін зерттеген профессор Ә. Ахметов зерттеулерінде көптеген тілдік деректердің түпкі сипаты түркі тілдеріне жақын екенін ескерткен еді. Біз осы мақсатта жаңа ғылыми зерттеулер жасап, онтологиялық, глоттогенетикалық теориялар негізінде көне санскрит, көне латын, көне түркі, т.б. тілдерінде сақталған архимағыналармен салғастыру нәтижесінде көне түркі түбірлерінің (этимон) таңбалық және мағыналық сипатын зерделеуді мақсат етеміз.

Түркітану ғылымының әлемдік ғылымдағы орнын саралап, бүгінгі түркітану ғылымы бойынша Америкада жасалып жатқан ғылыми зерттеулермен тікелей танысып, олардың ғылыми-теориялық ерекшеліктерін, ғылыми жаңалықтарын зерделеу қажет. ХХ ғасырдағы кеңестік түркітану ғылымы жоғары деңгейде дамып, сала бойынша іргелі ғылыми зерттеулер бергені белгілі. Қазіргі түркітануда да осы із сақталып отыр. Жалпы түркітану ғылымында қазақ ғалымдарының да қосқан үлесі мол, мәселе соны айшықтап көрсету, түркітанушы ғалымдар зерттеулерін (М.Томанов, Т. Қордабаев, Ә. Құрышжанов, А. Аманжолов, Н. Келімбетов, Қ.Өмірәлиев, т.б.) шет тілдеріне жинақтап аударып, таныстыруда болмақ.

Қазақ тілін оқи алмай жатырмыз ба, әлде оқыта алмай жатырмыз ба деген сұрақ бүгінде әркімді мазалайды. Осы тұста ағылшын тілін оқыту әдістемесін, оқудағы негізгі мотивацияны іздеп, анықтап, үйреніп, қазақ тілін оқыту жүйесіне қолдану да бір сәтке ойымыздан кетпейді. Мадисон университетіндегі тіл үйрету орталықтарының қызметімен танысып, инновациялық деп танылатын ғылыми тәжірибелерімен алмасу да көптен жоспарымызда бар дүние.

А.Б. САЛҚЫНБАЙ,
мемлекеттік тіл кафедрасының
меңгерушісі, профессор

Основные направления современного развития образования в РК базируются на идее радикального преобразования, трансформации сложившихся форм обучения и воспитания в соответствии с новыми реальностями времени. Заботливо предоставленная государством возможность пройти стажировку преподавателям за рубежом является актуально обоснованной и стратегически дальновидной политикой будущего.

Высокая миссия «Болашақ»

С каждым годом все больше ощущается внимание государства к внедрению конкретных мер соответствия казахстанской науки и образования уровню современных мировых стандартов. В этом направлении образовательная стипендия «Болашақ», инициированная Главой государства, – является высокорентабельным инвестиционным проектом, одним из успешно реализуемых прорывных идей Казахстана. Мне посчастливилось стать обладателем образовательной стипендии «Болашақ» 2012 года по специальности «Педагогическая диагностика, оценка и управление качеством образования».

Нужно сказать, что к отбору претендентов комиссия подходила очень требовательно. Знание государственного и иностранного языков были обязательными критериями для претендентов президентской программы. «Сейчас требования

повышаются, так как к преподаванию, управлению и руководству должны прийти патриоты, которые любят и уважают свою страну, и готовы вернуться обратно, чтобы работать на ее благо», – отметил в своем выступлении Президент АО Центра международных программ Саясат Нурбек.

Для меня участие в конкурсе позволило систематизировать свои знания, со стороны оценить свой прежний академический опыт, повысить стремление к совершенствованию своих знаний и сделать это с большей эффективностью. Несомненно, программа дает возможность улучшить не только качество работы, но и жизни в целом.

Айман ТЛЕПБЕРГЕНОВА,
обладатель международной стипендии «Болашақ», доцент кафедры ЮНЕСКО, международной журналистики и связи с общественностью



Заң саласының білгірі

Қазақстан заңгерлерінің көбінің ұстазы және жанашыр қамқоршысы болған ғалымдардың бірі – биыл тоқсан жылдық мерейтойы аталып өткізілгелі отырған заң ғылымдарының докторы, профессор **Ким Владимир Александрович.**

Ким Владимир Александрович – ерекше тұлға, көрнекті және ізгілікті жан. Ол Талдықорған облысы, Қаратал өңірінде балалық шағын өткізді. Еңбек жолын осы аудандағы “Ленин жолы” колхозында қатардағы колхозшыдан, одан кейін Ленин ауылдық кеңесінің хатшылығы қызметінен бастады. Қиын-қыстау заманда еңбек етумен бірге орта мектепті үздік бітірді. Содан кейін Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыға көшірілген Бүкілодақтық заң институтына студент болып қабылданды. Сұрапыл соғыстың ауыр қиыншылықтарына қарамастан, Владимир Александрович заң институтын өте жақсы бітіріп, КСРО Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтына аспирантураға қабылданды. 1952 жылы “Корей халықтық демократиялық Республикасының мемлекеттік құрылысы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация; ал содан 6 жылдан кейін 1958 жылы заң ғылымдарының докторлық диссертациясын қорғады.

Одан кейінгі жылдары В.А. Ким ғылыми зерттеулері жергілікті басқару биліктерінің қызметіне арналды. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Владимир Александрович қазақстандық ғалымдар: М.Т. Имашев, М.А. Биндер, Г.В. Нечитайло, С.Н. Досымбетов, М.Әміреновтермен бірлесе отырып, жергілікті басқару органдарының ұйымдастырушылық қызметі, олардың құқықтық мәртебесі туралы сүбелі еңбектер жазып, Қазақстан Республикасының заң ғылымы саласын Одақ көлемінде биікке көтере білді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін В.А. Ким “Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы” және “Конституциялық заңнамаларының дамуы” атты ғылыми монографиялар жариялап, мемлекетіміздің заң шығарушылық саладағы жетістіктерін жер жүзіне паш етті. Сонымен қатар ол 1993-1995 жылдары қабылданған екі бірдей Конституцияның жобасын дайындауға тікелей қатысты.

Еліміз өркендеп, әлемге танылған

кейінгі жылдары Владимир Александрович “Жасампаздық дәуірі” атты монография жазды. Бұл ғылыми еңбекте Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлеуметтік саяси және конституциялық құқықты саладағы данышпандық көзқарастарына талдау жасаған.

Владимир Александрович 5 ғылым докторын, 30-дан астам ғылым кандидатына жетекшілік жасаған. Ұзақ жылдар бойы Владимир Александрович Ким әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң ғылымдары докторлығын қорғайтын диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Қазір конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры болып қызмет атқаруда. Ол – Қазақстан Республикасы Гуманитарлық заң ғылымы академиясының академигі, “Құрмет” орденінің иегері.

Владимир Александрович Кимнің тағы бір ерекше қасиеті – оның еңбек сүйгіштігі, жасының ұлғайғанына қарамастан ол әлі күнге дейін үнемі

тынымсыз еңбек үстінде. Соған орай болу керек, Владимир Александровичке Қазақстан Республикасы Парламентінен, Үкіметінен көптеген заң жобалары жөнінде тиісінше сараптама жасау ралы көптеген ұсыныстар түсіп жатады. Солардың бәріне ұлағатты ұстаз деңгейінде парасатты ойларын білдіріп отырады.

Ғалым-ұстаздың достары, туыстары, шәкірттері, сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті оқытушы-профессорлар қауымы тоқсанға толған Владимир Александровичке зор денсаулық, ұзақ өмір, ғылым саласындағы жаңа табыстар, отбасының аман-саулығын тілейді!

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

На родном факультете



На факультете журналистики состоялась встреча студентов и преподавателей с Постоянным представителем Республики Казахстан при Евразийском экономическом сообществе (ЕврАзЭС) Фархатом Абдухалыковым.

На встрече с дипломатом студенты и преподаватели живо интересовались перспективами развития ЕврАзЭС, Таможенного союза. Особый интерес аудитории вызвала информация о межгосударственном сотрудничестве в области СМИ. Ф. Абдухалыков призвал студентов факультета журналистики активнее участвовать в академической мобильности и выезжать на обучение и практику в страны ближнего и дальнего зарубежья.

Интересную и весьма полезную встречу организовала Ассоциация выпускников КазНУ. «Такие контакты очень важны для развития профессиональных и духовных связей между известными личностями и будущими молодыми специалистами. Студентов вдохновляют личный пример и формула успеха выдающихся выпускников КазНУ. В планах Ассоциации выпускников – расширение контактов с бывшими студентами, которые всегда с теплотой и любовью посещают alma-mater», – отметила исполнительный директор Ассоциации Балауса Бердимбетова.

Светлана ВЕЛИТЧЕНКО,
доцент факультета журналистики

Выпускник факультета журналистики 1983 года Фархат Шахафутдинович – один из тех, кем гордится не только наш университет, но и весь Казахстан. Он, как и многие выпускники старейшего в республике вуза, вписал свою биографию в историю становления независимости страны. И один из тех, кто не мыслит

работу на высоком государственном посту в отрыве от верного служения своему Отечеству.

Ф. Абдухалыков имеет большой опыт дипломатической службы и ранг советника I класса. Он являлся ответственным работником МИД РК, работал в посольстве Казахстана в

Узбекистане, консулом РК в Российской Федерации, советником-посланником Посольства РК в Республике Беларусь. А в 2012 году распоряжением Главы государства был назначен Постоянным представителем Казахстана при Евразийском экономическом сообществе.

МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ

*Ұстазым -
мақтанышым*



2010 жыл. Күздің алғашқы күні. Міне, осы күні мен сүйікті ұстазым – Әсем апаймен таныстым. Алғашқы сәттен жүрегіме жылулық ұялатқан ұстазымның менің өмірімде алар орны ерекше. Осы сәтке дейін маған ақылшы, қамқоршы болып, оқуда да, өмірде де демеуші болып жүрген ұстазым туралы айтар жылы лебізім көп. Факультет студенттері Әсем апайды жақсы таниды, ол кісіні үлгі тұтады десек артық айтқандық емес. Себебі, ол кісі білімімен қоса жан мейірін төгетін ұстаздар қатарынан. Әсем Мамурова сабақты өмірмен ұштастыра түсіндіріп, оның қажеттілігін жете ұғындырады. Көпшіліктің мақтанышы болып, көптің ықыласына бөленіп жүрген Әсем апайдың нежеле қасиеті – студент алдында ашу-жануды білмейді. Студенттердің кем түсіп жатқан жағын сабырмен түсіндіреді. Қасына келген кез келген адамға жан жылуын сыйлай алатын ұстазды кім өзіне жақын тұтпайды дейсіз?!

Мен үшін ұстазым – мақтанышым! Факультетімізде өткізілетін барлық қоғамдық шаралардың басы-қасынан табылатын Әсем апай – өте еңбекқор ұстаз. Қазіргі қағазбастылық жайлаған мына кезеңде студент үшін алтын уақы-

тын қиып, өмірлік тәжірибесімен бөлісе алатын ұстазымның бар болғаны үшін де қуанамын. Ұстазым – Әсем апайға мына өлең жолдарын арнағым келеді:

*Аяулы менің ұстазым,
Ыстықсың маған бәрінен.
Өзіңе артты құштарым
Сусындап білім нәрімен.*

*Сізді ешқашан ұмытпаймын,
Еңбегіңізді ақтаймын.
Ақылың мен өнегеңізді,
Әркез есте сақтаймын!*

Тоғжан АПИЕВА,

*биология және биотехнология
факультетінің 3-курс студенті*

**Как дерево сильно своими
корнями, так и университет
силен своими выпускниками. В
минувшую пятницу состоялась
пресс-конференция выпускника
нашего университета,
казахстанского писателя,
культуролога, журналиста,
кинодраматурга Дидар Амантая,
презентовавшего новое издание
своей книги «Қарқаралы басында»
(«На вершине Қарқаралы»)
на французском, турецком и
монгольском языках. В ближайшее
время книга будет переведена на
русский, немецкий, испанский,
арабский, английский, персидский
и корейский языки.**



*Встреча
с творчеством*

Работа включает роман «Гүлдер мен кітаптар» («Цветы и книги»), повесть «Мен сізді сағынып жүрмін» («Томление»), а также сборник «Post Scriptum», состоящий из семнадцати новелл и двадцати рассказов, разных по жанру и тематике. Эти произведения автор писал в течение двадцати лет. Они рассказывают о людях, которые неожиданно оказались предоставлены самим себе, о переоценке ценностей, о том, как глобальные перемены отразились на судьбах конкретных личностей.

Живой и прямой диалог, творческий отчет писателя, обсуждение новых литературных направлений, состояние современной прозы - вот лишь небольшой перечень тем, которые удалось затронуть в рамках неформального диалога, кото-

рый по-настоящему был интересен всем.

Дидар Амантай является автором книг «Постскриптум», «Благослови меня», «Цветы и книги», «Осеннее рандеву». Также им написаны десятки рассказов, эссе и стихотворений. Дидар известен не только по своим литературным произведениям, но и по сценариям к фильмам «Нургиса Тлендиев», «Альжаппар Абишев», «ФЭФ (Философский факультет)». Он является лауреатом премии «Тарлан» Клуба меценатов Казахстана, лауреатом Государственной молодежной премии «Дарын», был обладателем президентской стипендии.

А. ЖОЛДУБАЕВА,

*профессор кафедры религиоведения
и культурологии ФФФП*

**МЕХМАТТЫҚТАР МӘРЕГЕ
МҮДІРМЕЙ ЖЕТТІ**

Университетіміздің спорт алаңдарында 8-18 қаңтар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор-оқытушылары құрамының, қызметкерлері мен докторанттарының дәстүрлі 41-ші «ДЕНСАУЛЫҚ» Спартакиадасы өткені белгілі.



Додалы жарыста салауатты өмір салтын ұстанған механика-математика факультетінің ұстаз-қызметкерлері мен докторант-ізденушілері жалпы командалық есепте тұғырлы I-орынға көтерілді. Бұл ұжым атаулы шара бағдарламасына енген 8 спорт түрінің жетеуі бойынша ақтық сайысқа шығып, оның 5 түрінен (шахмат, ерлер волейболы, әйелдер волейболы, мини аяқ доп, тоғызқұмалақ) «алтын», қалған екі түрінен (үстел теннисі, бадминтон) «күміс» орынды иеленді.

Ендеше, факультет жетекшісі, декан Дархан Ахмед-Зәки мен кәсіподақ бюросының төрайымы Мәрден Елғондинаның қызу қолдаулары және командаға жетекшілік етіп, баптаған – информатика кафедрасының меңгерушісі Байдәулет Үрмәшев пен көп жылдар бойы спорт жұмыстары үшін жауапкершілікті өз мойнына артып жүрген аға оқытушы Алпамыс Уайысовтың, кафедра меңгерушісінің орынбасарлары Назгүл Закариянова мен Қанжарбек Иманбердиевтердің ұйымдастырушылық жұмыстарына ризашылығымызды білдіруіміз керек.

Бір қуантарлығы – математиктер командасының құрамында атағы жер жарған академикте, ғылымның қыр-сырын енді игере бастаған жас маман-

ізденушілер де бар! Өткеннің даңқы мен бүгінгінің прогресін ұштастырып жүрген спорттық ұжымның үздік мүшелерінің атын атап, мақтаныш ету орынды сияқты. Біле жүріңіз, өздері абыроймен еңбек етіп жүрген мехматқаспорттың жеке түрлерінен ұтыс әкелген – ғылым докторлары, академик Нарғозы Данаев пен профессор Айдархан Қалтаев, ғылым кандидаттары, кафедра меңгерушісі Байдәулет Үрмәшев, доценттер Пердебек Досанбай, Абыз Нұртазин, Қанжарбек Иманбердиев, PhD докторы Ақмарал Мәжитова, аға оқытушылар Алпамыс Уайысов пен Назгүл Закариянова, оқытушы Қайнар Еспенбетов, ізденуші-докторанттар Аманжол Бектемесов, Тимур Иманқұлов, Гүлнар Маемерова, компьютер сыныбының маманы Асхат Нәбиев.

Аталған спортшылар мен команданың басқа мүшелерін, сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген факультеттің барлық ұстаздары мен қызметкерлерін үлкен жеңістерімен құттықтап, еңбек пен ғылымда толағай табыстар тілейміз.

Болат ӘБЕНОВ,

*ақпараттық жүйелер кафедрасы
меңгерушісінің
оқу-әдістемелік және тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары*

**Н.Л.Удольская атындағы
шәкіртақы берілмекші**


Студенттерді ынталандыру жұмыстары жалғасын табуда. Биология факультетінің Молекулалық биология және генетика кафедрасында факультет деңгейінде «Қазіргі кездегі селекцияның мүмкіндігі мен болашағы» атты тақырыпқа сай жоба жұмыстарына байқау жарияланады. Байқауға биология факультетінің ғылымға құштарлығы бар кез келген 2-3 курс студенттері қатыса алады. Осы жобадан бас жүлдені алған студентке Н.Л.Удольская атындағы шәкіртақы беріледі.

*Молекулалық биология
және генетика кафедрасы*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері қоғамдық шараларға белсене үн қосады. 25 қаңтар күні Алматы метрополитенінің «Алмалы» бекетінде өткен «Студенттер метромен жүруді таңдайды!» акциясына 100-ден астам ҚазҰУ-дің студенттері қатысты.

ҚазҰУ студенттері

метромен жүруді таңдайды



Ел тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі болған метро 2011 жылы 1 желтоқсан күні ашылған болатын. Сол уақыттан бері 6 млн.-ға жуық жолаушылар метро қызметін қолданып үлгерген. Алғаш рет елімізде Алматы қаласында ашылған метроны насихаттауға арналған шараға ҚазҰУ жастары да өз үлесін қосты. Метрополитенді насихаттаудың өзіндік үлгісін тапқан олар ұзындығы 8,3 м. болатын тітті бөліш пісірді. Метро ұзындығының нышанындай, алма, шие, тәтті сүзбе қосылып дайындалған бөлішке бүгінгі таңда қызмет көрсетіп отырған жеті бекеттің атауы: «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов» және «Алатау» әсемделіп жазылды.

Тәтті тоқаш дайын болған соң ҚазҰУ-дің белсенді студенттері арнайы дайындалған концерттік қойылымдарын бастап кетті. Алдымен сөз кезегі Алматы метрополитенінің электро жұмыс бөлімі бастығының орынбасары Нұрлан Бердіғожинге берілді. Ол: «Бүгінде метрополитенде 400-ден аса жас маман қызмет етеді. Бұл қызметкерлердің тең жартысына сәйкес келеді. Күні кеше біз әртүрлі оқу орындарының түлектері едік, ал бүгін серпінді дамып келе жатқан кәсіпорында жұмыс істейміз. Біз

жұмыс барысында жаңа идеялар мен инновацияларды өндіріске ендіреміз. Мен осындағы студенттердің көбі ертең біздің өріптесіміз атанады деп сенемін», – дей келе, елімізде инженерлік білім жүйесі мен заманауи техникалық мамандықтарға сұраныс артып отырғанын атап



өтті. ҚазҰУ студенттерін бастап барған Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім жетекшісі Данияр Сүндетбаев өз сөзінде көпшіліктің назарына метроның тиімділігі мен экологиялық маңызына аударып, метрополитен жолаушы-

ларын дәмнен ауыз тиюге шақырды. Тіл үйірет тәтті бөліштен дәм татқан көпшілік қауымға метро тарихынан дайындалған викториналық сұрақтар қойылды. Дұрыс жауапты дәл тапқан жолаушыға метрополитен басшылығы 30 реттік

айналасын қуанышқа бөлеген жалынды жастардың бірі Нұрзина Қыдырәлиева: «Біз жастарды бастамамызды қолдап, метро қызметін қолдануға шақырамыз. Бұл ыңғайлы, қауіпсіз әрі табиғи таза көлік түрі. Оның үстіне қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерімен безендіріліп, ұлы тұлғалары бейнеленген бекеттері бар метро өте әдемі әрі жайлы. Мұндағы әрбір бекет өзінше ерекше. Жұмыста да тағы да бекеттер қосылып, метрополитенді одан да танымал етеді», – деп өз пікірін білдірді.

Иә, 2012 жылдың қорытындысы бойынша Тель-Авив қаласында өткен Халықаралық «Алтын арба» сыйлығының марапаттауында лауреат атанған метроның екінші кезегі 2014 жылдың бірінші жартысында ашылады деп жоспарланыпты. Келесі кезекте ашылатын «Сайран» және «Мәскеу» атты екі бекеттің жалпы ұзындығы 2,8 км болмақ. Ал, «Алатау» мен «Қалқаман» батыс бағытындағы тағы 5 бекеттің құрылыс жұмыстары жүріп жатыр екен. Осылайша студенттер ТМД елдері метрополитендерінің ішіндегі ең жас кәсіпорынның жаңалықтарынан хабардар болып, акцияны жастық жалынымен жандандырып, есем әуенімен әрлеп қайтты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Студент КазНУ – серебряный призёр Кубка мира

Студент первого курса факультета биологии и биотехнологии Дарсиль Эссамамбо завоевал серебро Кубка мира по конькобежному спорту в Италии.



Пятый этап Кубка мира среди юниоров проходил в г.Базельга-ди-Пине. Казахстан на нем представили два спортсмена – Дарсиль Эссамамбо и Юрий Генцелев. На дистанции 500 метров Д.Эссамамбо занял второе место, проиграв лишь голландцу Гербену Йоритсме.

Молодого, но подающего большие надежды спортсмена впереди ожидает финал Кубка мира. Благодаря итоговому очкам, юниор имеет очень неплохие шансы побороться за призовое место.

Кафедра физвоспитания и спорта

В Высшей школе экономики и бизнеса прошло мероприятие, посвященное проблемам наркомании, организованное Департаментом по воспитательной работе КазНУ совместно с городским наркологическим центром г.Алматы и ДКНБ РК.

Молодежь против НАРКОМАНИИ

В акции приняли участие кураторы-эдвайзеры, студенты, сотрудники ДКНБ и представители городского наркологического центра.

Врач нарколог Р. Алиев рассказал студентом о последствиях употребления наркотических средств, им был представлен документальный фильм о сломанной жизни наркомана. В ходе обсуждения студенты говорили о вреде наркомании и получили ответы специалистов на вопросы связанные с профилактикой этого пагубного явления.

Соб. корр.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10052

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.